«Kids Smile» балабақшасы
Педагогикалық кеңестің
№ 2 хаттамасы

«24» қараша 2023 ж. Қатысқандар: 6

№2 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы:

«Мектепке дейінгі жастағы балалардың тәрбиесі мен дамуындағы ойынның ролі»

Мақсаты:

Интеллектуалды ойындар, дидактикалық ойындар және әр түрлі әрекеттер арқылы балалардың тілін, қызығушылығын арттыру және ой тұжырымдауы мен пайымдауларын жетілдіретінін түсіндіру.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

Тыңдалды:
Меңгеруші өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша мәлімет берді. Тәрбиешілердің жоспарланған жұмыстарды уақытылы орындағаны айтылды.

Шешімі:
№1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың тәрбиесі мен дамуындағы ойынның ролі» презентациясы

Тыңдалды:
Тәрбиеші Канторе Л. мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуында ойынның маңызы туралы баяндама жасады. Ойын арқылы баланың ойлау қабілеті, сөйлеуі, қарым-қатынасы және шығармашылық қабілеті дамитыны айтылды.

Шешімі:
Тәрбиешілер оқу қызметінде ойын технологияларын тиімді қолдансын.

3. «Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық–кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру»

Тыңдалды:

Тәрбиеші Жанбырбай А. өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, топтағы дамытушы ортаны ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін көрсетті.

Шешімі:

Топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушы ортаны толықтыру жұмыстары жалғастырылсын.

4. «Жұптасып білейік» көрмесі

Тыңдалды:

Психолог педагогтарға арналған көрме ұйымдастырып, бірлескен жұмыстардың маңыздылығын түсіндірді.

Шешімі:

Педагогтар арасында тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

5. Психологиялық тренинг: «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы»

Тыңдалды:

Психолог педагогтардың эмоционалды тұрақтылығын сақтау, күйзелістің алдын алу және жағымды орта қалыптастыру бойынша тренинг өткізді.

Шешімі:

Педагогтардың психологиялық саулығын нығайту мақсатында тренингтер тұрақты ұйымдастырылсын.

6. Педагогикалық кеңестің шешімдерін қабылдау

Қаулы етеді:

1. Ойын технологияларын оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану.
2. Дамытушы ортаны жаңарту және толықтыру жұмыстарын жалғастыру.
3. Педагогтардың кәсіби және эмоционалдық дамуына жағдай жасау.
4. Педагогикалық кеңестің шешімдері бақылауға алынсын.

Төрайымы: _____ **Хатшы:** _____